



ҚАУЛЫ

14.10.2015ж

Шардара қаласы

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

№ 414

город Шардара

Шардара аудандық білім бөлімінің
№12 бастауыш мектебі коммуналдық
мемлекеттік мекемесінің атауы мен
мекен-жайын өзгерту туралы

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, «Мемлекеттік мүлік туралы», «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» және «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарына сәйкес, Шардара ауданы әкімдігінің «Шардара аудандық білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің 2015 жылы 12 қазандағы №1497 ұсынысын ескеріп, аудан әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. «Шардара аудандық білім бөлімінің №12 бастауыш мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің атауы «Шардара аудандық білім бөлімінің №12 жалпы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі болып өзгертілсін.

2. «Шардара аудандық білім бөлімінің №12 жалпы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің мекен-жайы Шардара ауданы, Жаушықұм ауылдық округі, Құйған елді мекенінен Шардара қаласы, Ғ.Мұратбаев көшесі нөмірсіз үй болып ауыстырылсын.

3. Қайта аталған «Шардара аудандық білім бөлімінің №12 жалпы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жарғысы жаңа редакцияда бекітілсін.

4. Осы қаулының қабылдануына орай, қолданыстағы заңнамаға сәй, тиеті жұмыстар жүргізу, оның ішінде мекемені Шардара ауданының әділет басқармасында мемлекеттік қайта тіркеуден өткізуді қоса алғанда, Шардара ауданы әкімдігінің «Шардара аудандық білім бөлімі» мемлекеттік мекемесіне (А.Бердалиева) тапсырылсын.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Б.Алиповке жүктелеін.

Аудан әкімі

0002165



К.Айтурсев